

7. Информационный экологический бюллетень Республики Казахстан. — Итоговый выпуск, 2000. — Алматы: Мин. природн. ресурс. и охраны окр. среды, 2001.
8. Ақбасова А.Ж., Сайнова Г.Ә. Экология: Жоғары оқу орындарына арн. оқу құралы. — Алматы: Бастау, 2003. — 60-б.

ЭОЖ 574: 379. 85 (574)

С.А.Талжанов, А.К.Қаржаубекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

*В статье рассматриваются проблемы организации туристического кластера на основе особенностей природы Карагандинской области.*

*In article it is considered problems of the organisation tourist klaster on the Karaganda region.*

Туризм — кейінгі жылдары елімізде жанданып келе жатқан салалардың бірі. Бұл сала экономикамыздың едәуір пайда әкелетін тармағына айналып келеді. Дегенмен сыртқы елдерге шығатын туристер саны еліміздің ішіндегі демалушылардан басым түсіп отыр. Мұның себебін олар біздің елдегі қонақ үй, туристік қызмет бағасы шетелдегі туристік қызмет бағасынан артық болмаса, кем еместігімен түсіндіреді. Сондай-ақ отандық туристік қызмет көрсету түрі де еуропалық стандарттан төмен дегенді естуге болады. Ал табиғат аясында демалғысы келетіндер жолдардың жөндеуден өтпегендігінен ел ішіндегі Алакөл, Қапшағай, Балқаштан гөрі, Ыстық көлге баруды жөн көретіндігін тілге тие кетеді. 2004 жылдан бері бұл кемшілікті жоятын бірнеше мемлекеттік жобалар жұмысқа кірісуде. Елбасы 2005 жылдың 19-ақпанында жасаған Жолдауында айтылған 5–7 саланы кластерлік жолмен дамыту жоспары қойылған болатын. Оның ішінде туризм де бар. Сондай-ақ 2004 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстанда туристік кластердің даму мүмкіндіктері» тақырыпта кеңінен талқылау шаралары өтіп еді. Маркетингтік және талдамалық-зерттеу орталығы мен АҚШ-тың бірнеше зерттеу компаниялары бас қосып, Қазақстан туризмінің мүмкіндіктерін және оның бәсекеге қабілеттілігін талқылаған-ды. Мұнда біздің туристік операторлар мен компаниялардың басшылары, өкілдері қатысып қазақстандық туризмнің қазіргі жағдайы мен оның дамуына кедергі келтіріп отырған факторларды ортаға салды.

Ондағы туристік компания өкілдерінің айтуынша, мынадай факторлар орын алған:

1. Қазақстанның Дүниежүзілік туризм ассоциациясының негізінде жарнамалау және еліміздің имиджін қалыптастыру үшін жобалар жасау қолға алынбаған.
2. Туризм саласында еңбек ететіндердің еңбекақысын көтеру.
3. Қазақстан елшіліктерінен туристік визаларға рұқсат алудың қиындықтары.
4. Тур жасайтын орындарға тасымалдайтын көлік пен жолдардың дамымауы.
5. 3–4 жұлдызды арзан қонақ үйлер мен мотельдердің жоқтығы.

Осы ұзақ талқыдан соң Қарағанды облысында экологиялық туризмді және аймақтағы табиғи ландшафтарға зиян келтірмей, табиғи күйін сақтай отырып пайдалану туралы мақсат қойылды. Алдыға қойылған проблемалардың қазіргі шешілуіне келсек, аталған аймақ туризм кластерін жүзеге асыруға тиімді деп танылған. Себебі мұнда қонақ үйлер, санаторийлер, ойын-сауық орталықтары, қорықтар, тау тағы сол сияқты объектілер шоғырланған. Сондай-ақ осы өлкеге деген шетелдік туристердің қызығушылығын арттыру үшін жеке кәсіпкерлерді жұмылдыру көзделген. Қарағанды облысы аумағында тарихи археологиялық және мәдени мұраны насихаттау мақсатында мәдени-танымдық туризм қалыптастыру жолға қойылған. Бүгінде әлемнің көптеген елдерінде туризм саласы дамудың басым бағыттары ретінде экономиканың тірегі, қаржы көзі болып саналады. Сондықтан да отандастарымыз жылына бір келетін демалыстарында Қара теңіз жағалауындағы демалыс орындары мен Ыстықкөлге аттанып, таза ауада тынығып, мөлдір суына шомылып, жан рахатын бастарынан өткереді. Қарап отырсақ, туризмді дамытуға, оның игілігін көруге елімізде, оның ішінде Қарағанды облысында мүмкіндік бар.

Дамудың басым бағыттарының бірі — бәсекелестікке қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру мақсатында елімізде 2007–2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірленсе, облыс көлемінде осыған орай атқарылатын іс-шара жоспары жасалған. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында биылғы жылы жергілікті бюджеттен 18 млн. теңге қаржы бөлінсе, 2007–2009 жылдарға облыстық бюджеттен жалпы 59 млн. теңге көлемінде қаржы қарастырылған [1–6].

Облыс экономикасына тигізер мүмкіндігі мол саланы дамыту мақсатында өткен жылы атқарылған игі істер қатарына — ақпараттық-жарнамалық өнім шығару, халықаралық, республикалық туристік шараларға қатысу арқылы облыстың туристік имиджін қалыптастыру бағытындағы ұйымдастыру жұмыстарын жатқызуға болады. Мәселен, 2001 жылдан бастап Қазақстан қатысқан халықаралық туристік шаралардың бәрінде, яғни Берлин (Германия), Утрехт (Нидерланды), Мадрид (Испания), Мәскеу (Ресей), Лондон (Ұлыбритания), Шанхай (Қытай) және Сеул (Корея) қалаларында облыстың туристік әлеуеті көрсетілсе, биылғы жылы Берлин, Шанхай қалаларында өткен биржаларда Қазақстанның стенді арнайы номинациялар бойынша бірінші жүлдеге ие болған. Онда Алматы облысының сапалы туристік өнімдерінің орын алуы да үлкен іске өзіндік септігін тигізгенін айтқан жөн.

Отандық және әлемдік туристік қызмет көрсету рыноктарында облыстың туристік мүмкіндіктерімен таныстыратын жолсілтеме, облыстың туристік және инвестициялық мүмкіндіктері туралы буклеттер, плакаттар, өзгеше табиғат нысандары мен көруге тұратын орындардың көріністері бар ашық хаттар және тағы басқа жарнамалық-ақпараттық өнімдер жарнамалануда. Осының барысында облыс бойынша арнайы туристік карта жарық көріп, болашағынан көп үміт күтетін жайлар жасалуда.

Жетісуды өзен-көлдер өрнектеп, аспан таулар асқақтатса, орман-тоғайы көздің жауын алады. Осы орайда шағын және орта бизнес өкілдеріне әдістемелік жәрдем көрсету арқылы туристік инфрақұрылымды дамыту, оның мониторингін және талдауын жүргізу мақсатында Орталық Азия университеті, Облыстық спорттық туризм федерациясы, «Тұран» университетімен бірлесіп, туризм саласындағы мамандарды дайындау мен кәсіби біліктілігін арттыру жөнінде бірқатар жұмыс атқарылса, кәсіпкерлерді әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету мақсатында нормативтік-құқықтық актілердің жинағы жарық көріп, оң бастамаға жан-жақты қолдау жасалған.

Аймақтағы туризмнің жай-күйін көрсететін материалдар 2003 жылдан бастап жинақталған. Жұмыс қорытындысы бойынша облыс аудандары мен қалаларындағы туризмді дамытудың басым бағыттары анықталып, туристік маршруттардың реестрі дайындалған. Оның ішінде танымдық, экологиялық, орнитологиялық, саяжай-сауықтыру, этнографиялық туризм түрлерін қамтитын жүзге тарта маршруттар енгізілген.

Туризм саласының балалар мен жасөспірімдерді салауатты өмір салтын қалыптастыруға баулудағы маңызы да ерекше. Жыл сайын балалар мен жасөспірімдер арасында туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында экскурсиялардың, сонымен қатар балалар мен жастардың арасында туризмнің белсенді түрлерін дамытуға арналған облыстық ашық чемпионаттың өткізілуі осының дәлелі.

Ішкі туризмді дамыту мақсатында сайыстар, слеттер, экспедиция жорықтары ұйымдастырылады. Сонымен қатар Дүниежүзілік туризм күніне арналған облыстық туристер слеті, авторлық (бардтық) ән фестивальдері, «Джунгария» туриадасы, «Бұрқан-Бұлақ» туристік фестивалі, туристік көпсайыс, жаяу, тау туризмі бойынша сайыстар, ақпараттық және тұсаукесер турларының да әр адамның өмірінде қалдырар әсері мол екенін атап айтқан ләзім.

Шетелде тұратын қазақ диаспорасы үшін «Ата жұртқа саяхат» атты туристік бағыт әзірленсе, Ш.Уәлиханов экспедициясының бағыты бойынша ұйымдастырылатын туристік саяхаттардың берері мол. Ал облыста Орталық Азияда теңдесі жоқ экологиялық туризм жөніндегі халықаралық жоба — Гле-Балқаш регатасы жыл сайын жалау көтеріп, оның тәрбиелік, тағылымдық мән-маңызы тереңдей түсуде.

Облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 34–258 шешімімен туристік кластерді құру мен дамыту бағдарламасы бекітіліп, іс-шаралар жоспарын орындау толығымен қолға алынған.

Орталық Азия университетімен бірігіп, 2006 жылы аудандық және қалалық әкімдік мамандары «Экологиялық туризм — Алматы облысының туристік кластері буындарының бірі» деген тақырыпта өткізілген семинарды да осы бағыттағы игі істердің қатарына жатқызуға болады.

Мемлекеттік ұлттық парктер мен қорықтарды кластерлік дамыту мәселесі бойынша «Алтынемел» ұлттық табиғи паркінде кеңес өткізілсе, қазіргі кезде оның пилоттық жобасы әзірлену үстінде.

Қапшағай су қоймасы, Балқаш және Алакөл көлдерінің жағалауында демалыс орындарын ашудың негізгі жоспарын әзірлеуге жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, іске асыру мақсатында ұйымдастыру жұмыстары басталған.

Аймақтағы туризмнің дамуын тежейтін негізгі мәселе — тартымды туристік объектілерге және әдемі ландшафтарға апаратын автокөлік жолдарының нашарлығы. Дегенмен, туристік нысандарға апаратын жергілікті маңызы бар жолдар біраз жөндеуден өткен.

Жетісудың қай аймағын алып қарасаңыз да тұнып тұрған әсем табиғатымен, мәдени-тарихи орындарымен құнды. Іле және Жоңғар Алатауы, Алакөл, Балқаш көлдері, Қапшағай су қоймасы, Іле өзені және басқа көптеген сулы, таулы, сондай-ақ тегістік жерлердің артериялары, минералдық су және балшық көздері, табиғат ескерткіштері, атап айтқанда, қайталанбайтын флорасы мен фаунасы, соның ішінде эндемикалық және реликттік, қорған кешендері, петроглифтер (тастағы суреттер), мұражайлар (тақырыптық және атақты адамдардың), кесенелер, мазарлар және бұрынғы кездегі сәулет (архитектура) ғимараттары туристердің қызыға қарап, таңданыс білдіретін жәдігерлері. Осы ресурстар облыстың туристік инфрақұрылымының негізгі құрамдас бөлігі екенін көрсетеді.

Мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи ашық аспан астындағы «Тамғалы» қорық мұражайы, бір спорт-көңіл көтеру кешене, үш кесені, екі аквапарк та туристік әлеуеттің бағалы нысаны. Экологиялық туризмнің негізін «Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі», «Алтынемел», «Шарын», «Алакөл және Алматы мемлекеттік табиғи қорықтары» сияқты экологиялық жүйелерді сақтаудың аса маңызды дәрежесіне ие ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрайды. Сонымен бірге облыстағы туристік саяхаттардың мақсаттарына қарай туристерге курорттық-емдеу, соның ішінде климаттық ем, бальнеологиялық ем, балшықпен емдеу, экологиялық туризм, соның ішінде оның мамандандырылған флора мен фауна өкілдерін бақылауға негізделген түрлері, спорт-сауықтыру туризмінің (жаяу жүру, тауға шығу, шаңғы тебу, жағажайда суға шомылу, судағы спорт, мотоциклмен жарысу, желкен есу, альпинизм түрлері, мәдени-танымдық), онда табиғи, мәдени-тарихи көрікті жерлермен танысу, діни, этникалық мамандандырылған туризм, сонымен қатар аңшылық-кәсіпқойлық, белгілі жағдайларға байланысты экскурсиялар уақытын мәнді өткізем деген демалушының талап-талғамына жол ашады.

Сонымен бірге жаз-күз, қыс айларында «Алтынемел», «Іле-Алатау», «Шарын», «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи парктеріне экскурсиялық турлар, Тамғалы тасқа, Аңырақай шатқалына, Іле өзеніндегі Тамғалыға, Жаркент мешітіне және басқа жерлерге экскурсия, Іле және Жоңғар Алатауының таулы өзендері бойынша рафтинг, тауға жаяу шығу турлары; облыс аумағында орналасқан курорттарда («Алатау», «Қапал-Арасан», «Аққайың», «Жаркент-Арасан», «Керімағаш») тынығу және емделу, Алакөл көліне ұйымдастырылған сауықтыру турлары, Қапшағай су қоймасында тынығу туристердің көңілінен шығып, денсаулығын түзеп, күш беретініне, рухани жан рахатына бөлейтініне еш күмән жоқ.

Қазақстандағы туристік ресурстарға — туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, тағы басқа туризм түрлеріне бөлінеді. Қазақстандағы туристік нысандар табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тағы басқа топтарға бөлінеді.

Табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстігінде Тянь-Шянь, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі, Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау, тағы басқа табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы ұлттық саябақтар мен қорықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле-Алатау ұлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шамалған елді мекендері жатады. Алтынемел, Көкшетау, Бурабай ұлттық саябақтарында туризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамып келеді. Қазақстан аумағындағы 9 мемлекеттік қорықта да ғылыми-экологиялық туризмді дамытудың алғы шарттары қалыптасқан.

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, тағы басқа көне қалалардың орнына туристердің

қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Қола дәуір ескерткіштеріне жартастағы петроглифтерді атауға болады. Оларға әйгілі бірегей ғибадатханалар: Аңырақай тауының Танбалы сайындағы, Көксу өзендегі Ешкіөлмес ғибадатханасы, сондай-ақ Шолақ, Кіндіктас, Баянжүрек тауларындағы тастағы суреттер жатады. Біздің дәуірімізге дейінгі VI–III ғасырлардан қалған сақ қорғандары, Бесшатыр қорығындағы жерлеу камерасы және сақ әскері киімін киген «Алтын адам», 2001–2002 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Қатонқарағай ауданның Бергіел (Берел) қорғанында табылған «Сақ патшайымы» археологиялық туристік нысандарға жатады. Ортағасырлық Түркістан, Отырар, Тұрбай, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, тағы басқа елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады. Түркістан — қазақ хандығының алғашқы астанасы. Онда Қожа Ахмет Иасауи кесенесі салынған, кесене іші мен айналасына Қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тәуке, Тәуекел, Жәңгір, Есім, Абылай хандар, Қазыбек би жерленген.

Қарағанды облысы Қазақтың қатпарлы таулы аймағында орналасқан. Бұл аймақ геоморфологиялық және геологиялық ерекшеліктері жөнінен негізгі төрт ауданға бөлінеді: облыстың солтүстік жағын Қазақтың ұсақ шоқылы өңірі (50 пайызға жуық) алып жатса, оңтүстікті Бетпақдала үстіртінің солтүстік жағы және солтүстік Балқаш жағалауының үстірті құрайды, ал оңтүстік-батысты Арал маңы Қарақұмы алып жатыр. Ұсақ шоқылы бұл аудандарда жер бедерінің басты түрі толқынды жазық десек, бұрын олар өзендердің аңғары болған жерлер. Сондай-ақ мұнда жалпақ жазықтар мен гранитті тау массивтері де кездеседі. Ұсақ шоқылы жерлердің теңіз деңгейінен жалпы биіктігі 350–500 м. Бұлардың ең биік бөлігі — облыстың шығыс аудандарында. Олар биіктігі 500–800 м тау шыңдарынан тұрады. Ең биігі Қарқаралы 1358 м, Кент 1367 м және Қызыларай. Қызыларай — Орталық Қазақстанның ең биік тауы, ол теңіз деңгейінен 1565 м биіктікте орналасқан. Бұл қырат Ертіс–Балқаш су айырығы болып келеді. Екінші қырат — Ұлытау қыраты. Биіктігі 1140 м дейін жететін Ұлытау тауын қоса алғанда, облыстың батыс жағында бұл Ертіс–Арал су айырығына айналады. Солтүстік ендіктің  $48^{\circ}$ -нан оңтүстікке қарай Қазақтың ұсақ шоқылары Бетпақдала үстіртіне және солтүстік Балқаш өңіріне ауысып кетеді. Қарағанды облысының жеріне Бетпақдала үстіртінің (солтүстік ендіктің  $46^{\circ}$ -на дейінгі) солтүстік жағы кіреді. Теңіз деңгейінен 300–700 м биікте жататын адырлы кең жазық оңтүстік-батысқа қарай құламалау келеді. Жанасып жататын жерлерге қарағанда бұл үстірт көтеріңкі, әрі олардан 10 м-ден 40–45 м жететін қабатпен бөлінеді.

Облыстың жалпы климатына тән сипат — ашық, әрі жылы күндердің көп болуы. Бірақ мұндай климат облыс территориясында әр түрлі. Облыс жерінің едәуір созынқылығы және жер бедері биіктігінің әр түрлі болуы мен қатты тілімделуі, ауа райының мейлінше ала-құла болуына әсер етеді.

Ауа райы шұғыл континенті, құрғақ. Жылдық орташа температура  $0^{\circ}$ – $7^{\circ}$  аралығында ауытқып отырады. Күнделікті температураның ауытқу амплитудасы қаңтар айында  $-18$ – $25^{\circ}$  болса, шілде айында  $+16$ – $22^{\circ}$  мөлшеріне жетеді. Жазы ыстық. Ал оңтүстік бөлігінде жазы аса ыстық әрі ұзаққа созылады. Ауаның температурасы жазда кейде  $+40^{\circ}$ – $45^{\circ}$  дейін көтеріледі. Қысы суық температурасы —  $40^{\circ}$ – $45^{\circ}$ . Қыс аса қатты болған жылдары тоңның тереңдігі 2 м тереңдікке дейін барады.

Жыл мезгілі (орта тәулік температурасы  $0^{\circ}$ -тан жоғары), солтүстік-шығысында 190 күнге, оңтүстігінде 230 күнге дейін жетеді. Өсімдіктің өсіп-жетілуінің ұзақтығы солтүстік-шығыста 190 күнге, оңтүстік-батысында 200 күнге дейін жетеді.

Жауын-шашынның жылдық мөлшері де біркелкі емес, облыстың солтүстік-шығыс бөлігінде жылына 250–300 мм, ал оңтүстігінде — 100 мм шамасында ғана. Облыстың солтүстігінде жылдың жылы мезгілінде 150–250 мм ылғал, мұның ең көбі шілде айында түседі. Оңтүстігінде осы уақыт ішінде 65–80 мм жауын-шашын жауады, бірақ бұның ең көбі ертерек мерзімде түседі.

Жауын-шашын мөлшері біркелкі емес, ол әр жыл сайын үлкен мөлшерде ауытқып отырады. Ең ылғалды деген жылдары облыстың солтүстігінде 450 мм-ге дейін, ал кейбір қуаң жылдары тек 70–80 мм жауын-шашын жауады. Қуаңшылық жылдары кейде оңтүстік аудандарда жылдың жылы мезгілінде жауатын жауын-шашынның мөлшері 10 мм-ден аспайды.

Орталық Қазақстанның ішкі суы материктің ортасында орналасқандықтан, ішкі тұйық алапқа жатады. Облыста тұрақты су ағысы бар өзендер өте аз. Суы жазда тартылып қалатын маусымдық өзендер өте көп. Кішігірім көлдер баршылық, бірақ тұзды болып келеді.

Орталық Қазақстанның басты су артериясы болып Нұра және Сарысу өзендері саналады, ұзындықтары 1000 шақырымға жуық. Ірі өзендердің қатарына сонымен қатар Түндік, Талды, Жарлы, Құланөтпес, Кеңгір, Тоқырауын, Қалмаққырған, Жәмші, Байқоңыр өзендері жатады. Облыстың өзендері қар, жер асты суы және жауын-шашынмен қоректенеді. Сондықтан көктем кезінде өзендер ағысының 80–90 % ағып өтеді, жазда көбі тартылып қалады.

Жерінің құрғақшылығына қарамастан, облыста көлдердің саны 2000-ға жуық, бірақ басым көпшілігі ауданы 1 км<sup>2</sup> аспайтын көлдер. Көл суының тұздылығы 1 г/л-ден 10 г/л-ге дейін ауытқып отырады. Ірі көлдер Балқаш, Теңіз, Қорғалжын, Қарасор, сонымен қатар Қарақойын, Балықтыкөл, Шошқакөл, Ащыкөл т.б.

Балқаш — ең үлкен көл. Ауданы 17574км<sup>2</sup>, орташа тереңдігі 5,2 м, ең терең жері шығысында 20 м. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 595 км, ені 8,4 км–75 км-ге дейін ауытқиды, балық түрлері балқаш алабұғасы, сазан, бекіре, т.б. Қарасор көл тобы Қарқаралы ауданында орналасқан, 50-ге жуық көлді біріктіреді. Суыны тұздылығы 35–41 г/л. Көл түбінде емдеу орындарында пайдаланатын күкіртті сутекті шипалы сұр балшық тұнған. Қарасор көлі ауданы 246,35 км<sup>2</sup>, жеке өзін қарағанда ұзындығы 40 км.

Облыста жер асты суы әр түрлі тереңдікте жатыр. Жер асты суы атмосфералық жауын-шашын және өзен суынан жиналған. Жер қойнауында тереңде жатқан суларды артезиан немесе қабатты сулар дейміз. Бетпақ Далада, Арал маңында, Қаракұмда, Мойынқұмда кездеседі. Артезиан суы тұщы немесе әлсіз тұзданған болады, сондықтан ауыз су есебінде пайдаланады. Облыс шаруашылығының қай саласы болсын суды көп тұтынады, осы себептен аймақ өңірінде көптеген суқоймалары салынған.

Нұра өзенінде Самарқанд суқоймасы, Шерубай-Нұра немесе Топар суқоймасы, Жезқазған аймағы бойынша Қаракеңгір суқоймасы салынған. Ал 1973 жылы Қарағанды-Ертіс каналы салынды. Оның ұзындығы 500 км-ге жуық. Бұл канал Павлодар облысының Ақсу қаласынан басталады. Бірінші мақсаты — Қарағанды және Теміртау қалаларын сумен қамтамасыз ету.

Қазақстан жазықтығының бір ерекшелігі, тұрақты ағыстары бар өзендер желісінің сирек, ал уақытша маусымдық өзендердің жиі кездесетіндігі болып табылады. П.Н.Лебедев құрған гидрографиялық аудандастыру картасы бойынша Орталық Қазақстан аудандарындағы уақытша өзен желісінің жиілігі 100 км<sup>2</sup>-қа 4 км ғана.

Қарағанды облысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар: Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, 9 табиғи қорық (Ұлытау, Тораңғылық, Қызыларай, ҚУ, Қоғашік, Қараағаш, Белағаш, Белодымов, Бектауата), Жезқазған мемлекеттік өсімдіктік бағы, «Бұйратау» мемлекеттік табиғи паркі (облыстық маңызды) және мемлекеттік табиғат ескерткіштер (облыстық маңызды).

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (ҚМҰТП) 1998 жылы 1 желтоқсанынан ҚР Үкіметінің № 1212 қаулысымен ұйымдастырылған. Парк Қарағанды облысының шығыс жағында орналасқан, Қарқаралы әкімшілік ауданының аумағында. Мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 90323 га.

Туристік қызмет көрсетулердің негізгі жеткізушісі туристік ұйымдар болып табылады, оларды туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 846 туристік ұйым мен 30 жеке кәсіпкер ұсынады. Әрекет етуші туристік фирмалар мен қонақ үй шаруашылығы кәсіпорындарының басым көпшілігі Алматы қаласында (605), Шығыс Қазақстан (124), Қарағанды (122), Алматы (71) облыстарында және Астана қаласында (79). Қазақстанның туристік қызмет көрсетулер нарығында 3,2 мыңға жуық адам, 1,5 мың кәсіби гид пен экскурсияшы жұмыс істейді. Туристік нарықтың барлық ұйымдарының 98,3 %-ін шағын кәсіпорындар (жұмыс істейтіндердің саны 50 адамға дейін) білдіреді. 250 адамнан аспайтын персоналы бар орташа кәсіпорындар 1,3 %-ті, ал ірілер 0,4 %-ті құрайды. Талдауға қарағанда туристік ұйымдардың көпшілігін шағын және орта кәсіпорындар құрайды, олар әлем елдерінің көбінде инновацияларға негізделген экономикалық өсімнің тиімді генераторы болып табылады. Қазақстанның туристік ұйымдары әлемнің жетпіс елімен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Астана, Алматы қалаларында, Атырау, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында сырттан келушілер туризмінің барынша кең көлемі байқалады, бұл ретте іскерлік туризм басым. Көрсетілген қалаларда, сондай-ақ Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында неғұрлым сыртқа шығушылар туризмі дамыған.

Ішкі туризмнің барынша дамуы Астана, Алматы қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы және Ақмола облыстарында байқалады.

Тұтастай алғанда, республика бойынша туризмнің барлық түрлерінен барынша көп туристке Алматы, Астана қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Атырау және Ақтөбе облыстарында қызмет көрсетілген. Бұл өңірлердегі туристердің сапар мақсаты негізінен іскерлік және кәсіби мақсат, бос уақыт, рекреация және демалыс, сондай-ақ шоп-турлар болып табылады.

Балқашта және басқада үлкенді-кішілі көлдерде, Нұра, Соқыр өзендеріндегі орманды жағалауларында, Федоровка, Кеңгір, Жартас, Шерубай-Нұра және басқада суқоймаларда жыл бойы Қарағанды, Теміртау, Жезқазған және Балқаш өндірістерінің қызметкерлері мен жергілікті

тұрғындардың 40 % өз денсаулықтарын жөндеп, демалып қайтады. Әсіресе Самарқан суқоймасының жағалауы, Ертіс-Қарағанды каналымен қосылатын тұсында Федоровка суқоймасы және Қарағанды-Теміртау өндірістерінің тұрғындары ең ірі демалыс орындарының біріккен жүйесін құрайды және ол жер өте жақсы игерілген. Бұл суқоймалар орманды жерлерде (3400 га) еркін демалуға өте ыңғайлы. Оңтүстік жағалауда салынған сауықтандыру мекемелерінің кейбіреулері мекеме мен кәсіпорындарға жататындары жыл бойы демалушылар қабылдайды. Осындағы жағажай өте жақсы жабдықталған, қайық клубы жұмыс істейді, қайық станциясы бар. Абай ауданында Шерубай-Нұра өзенінде «Жартас» суқоймасы жағалауында салынған («Испат-Карметтің» санаторийі жыл бойы жұмыс істейді). Гидроминералды «Жартас» санаторийі минерал суларының кең орны болса, ал Қарасор көлінде саз-балшықпен емдеу орындары бар. Жыл бойы осы санаторийлер 3,5 мың жұмысшылар мен қызметкерлерді қабылдайды. Демалуға деген облыстағы демалыс орындарының сыйымдылығын, қажеттілігін арттырады. Көлік коммуникациясының қызмет тұрғындарына көрсетілетін маңызды тұтынушылар болады. Кең байтақ облыс аумағы өндіріс орталығының көптігі, сонымен қатар ауданаралық байланысы жақсы жолға қойылған, даңғыл асфальтті жолды талап етеді. Темір жол желісі облыстағы үш маңызды өндірісті аудандар: Қарағанды, Жезқазған, Балқашты байланыстырады, бұл барлық облыс аудандары арқылы өтетін жол, еліміздің темір желісіне барып қосылады (темір жол ұзындығы 1650 км). Автокөлік жолының жалпы ұзындығы 8,3 мың км құрайды. Автокөлік өндірісінің өсуіне орай және ауыл шаруашылық өндірістері, сонымен қатар адам тасымалдау үшін қатты төсеніш жабылған жолдарды міндетті түрде кеңейту қажет. Әсіресе халықаралық жүк тасымалдауда Алматы — Қарағанды — Астана — Қостанай — Челябині жолдары маңызды болып есептеледі. Бұл Ақтоғай, Шет, Абай, Осакаров аудандары арқылы өтеді. Дәл қазір Алматы — Астана тас жолында жүріп жатты. Қарағанды — Балқаш трассасының ұзындығы 380 км. Осы магистралдің негізгі бөлігі болып табылады. Жөндеу болашақта облыс аймағындағы туристік ағымның транзиттің гүлденуіне көп әсер етеді. Мемлекеттік маңызы бар (автокөлік жолы) Қарағанды — Матақ — Қарқаралы — Егіндібұлақ автокөлік жолы Қарағанды — Теміртау өндіріс орындарының Қарқаралы орман шаруашылығымен байланысын қамтамасыздандырады. Қарағандыдан Қарқаралыға дейінгі жол 225 км, облыс орталығы — Қарағанды. Қарағайлы теміржол торабымен байланысты, бұл Қарқаралының оңтүстігінен 20 км айналып өтеді. Қарқаралы ауданы арқылы автокөлікпен Солтүстік Қазақстандағы Баянауыл (248 км) туризм және ірі демалыс орындарына жетуге болады. Сонымен қатар Егіндібұлақ селосынан Шығыс Қазақстандағы Семей жеріне жете аласыз. Мемлекеттік автожол Қызылорда — Жезқазған (420 км) еліміздің оңтүстік аймағына шығуға өте қолайлы жол. Автожол Жезқазған — Жезді — Ұлытау — Арқалық Оңтүстік Қазақстаннан шыққан транспортты туристер ағыны Ұлытау арқылы Солтүстік Қазақстаннан және одан өтіп, Оңтүстік Орал мен Ресейдегі Сібір аймақтар байланысын қамтамасыздандыратын өте маңызды жол болып есептеледі. Балқаш көлінде су көлігі қызметі өркендеп келеді, қатерде демалу, су велосипеді, сонымен қатар канозда спорттық жарыстар қанат жаюда. Сонымен қатар өзен арқылы Алматы облысының Лепсі, Қаратал, Іле үстірттерінде орналасқан, балық шаруашылығымен де тығыз байланысты. Қазақстан Республикасы туризмді жетілдіру тұжырымдаманың міндеті бірінші туризм инфрақұрылымын кеңейту болып табылады. Республикада мемлекеттік деңгейде туристік кәсіпкерлік қызметіне түбегейлі түрде белсенді көмек көрсету қажет. Отандық туристік өндірістің жетілдіруіне қонақ үйлер кәсібінің және дәмханалардың жақсы қызмет көрсетуіне ықпал етіп халықаралық және ішкі нарыққа белсенді түрде ұсына білу қажет. Осы міндеттерді бірінші кезекте орындау туризм өндірісі мен инфрақұрылымын жетілуіне баға жетпес зор үлес қосады. Қазақстанда 30-дан астам жоғары оқу орындары туризм, қонақ үй бизнесі мен спорт үшін көптеген кәсіби мамандар даярлауда. Міндетті түрде осы салада көп жылдар еңбек еткен жандарды қайтадан кәсіби білімін жоғарлатып немесе қайта даярлау курстарының өткізу үшін жоғары білім орындарында курстарды ашып көбейту қажет болып тұр. Халықаралық жоғары оқу орындарында туризм мамандары даярлауды жүзеге асыра отырып, қонақ үйлер кәсіби және дәмханалық кәсіпті толық меңгеруге жүйелі түрде ғылыми алмасулар мен оқулық материалдар арқылы туристік оқу орны мен іс-тәжірибе алмасу, мамандардың кәсіби біліктілігін жоғарлату, қайта даярлау, тәжірибе алмасу, семинар, конференциялар т.б міндетті түрде қазіргі таңда ауадай қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007–2009 жылдарға арналған бағдарламасы. — Астана, 2007.
2. Экология и устойчивое развитие. — 2004. — № 8 (42). — 15 с.

3. Экология и устойчивое развитие. — 2004. — № 11 (45). — 41 с.
4. Туризм — мүмкіндігі мол сала әрі қаржы көзі // Егемен Қазақстан. — 2008. — № 95. — 3-б.
5. *Ердавитов С.Р.* География туризма Казахстана. — Алматы: Ғылым, 1992. — 332 с.
6. Проблемы туризма и охраны природы. — М., 1978. — 115 с.

ӘОЖ 911.2:81' 373.21

Д.А.Қадірбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

### ТОПОНИМИКА — ЖЕР АТЫ ТУРАЛЫ ІЛІМ

*Топонимика изучает, анализирует совокупность географических названий, их происхождение, эволюцию, смысловое значение, распространение, повторяемость модели. Географические названия вызывают глубочайший интерес не только у ученых, в первую очередь историков, географов и языковедов, топонимика — народное творчество, создаваемое веками, а иногда и тысячелетиями.*

*The article is dedicated to research deflected mode of hinged support flat elements in dependence from variation relation depth to length. Design equations for stresses and displacements, determinant equations for function of deflection, boundary conditions are represent here. Example of uniformly distributed loading flat element analysis is show in article. The results are representing in table and graphic forms.*

Ерте заманнан бері адамзат географиялық жер аттары, оның қойылу ерекшеліктерімен қызыға шұғылданып келген. Ертедегі грек, рим тарихшылары мен географтарының еңбектерінен географиялық атаулар туралы түсініктемелер табылған. Географиялық жер аттарының қойылу, шығу ерекшеліктерімен, оның формасы, мағынасы мен грамматикалық ерекшелігі туралы зерттейтін ғылымды топонимика деп атаған. «Топонимика» грек сөзі, мағынасы «топос» — «орын, мекен», «онома» — «атауы». Ерте уақыттан бері географиялық жер атаулары адамзатқа қызмет етіп келеді, адамның экономикалық-әлеуметтік, мәдени қажеттілігін қанағаттандырып, географиялық пайымдауларын нақтылауға көмектеседі.

Топономика өзінің ізін ғылымда оның ішінде географияда, геологиялық атауларда қалдырды. Мысалы: Кембри атауы дәуірден қалған. Девон атауымен Англиядағы Девон графствосы аталған. Швеция және Франция, ГФР аралығында орналасқан тау атауына Юра берілген.

Төрттік дәуірдің де бірнеше сызбаларында бар. Оның бөлшектерге бөліну дәуірі: рисс, вюрм, шелл, эльб, эльстер, висклен, вискон географиялық атауларға байланысты.

Негізгі тау түзілу тектоникалық қозғалыстардың кезеңдері каледондық қатпарлық, грекиялық, варискуйлік және жаңа альпілік. Мұны мыналармен салыстырып көрейік. *Каледония* — латын тіліндегі Шотландия атауы; *Грециндық орман* — ежелгі рим географтарының Германиядағы тау беткейінің атауы.

Минералдардың да арасынан топономикалық атаулады көруге болады. Біразын қарастырайық: *агат* — Сицилиядағы Ахат өзенінің аты, *андезит* — Андам бойынша, *шюда мусковит* — Москва атауымен.

Келесі минералдардың шығу тегін тез анықтауға болады: *лабрадор* — Канададағы Лабрадор түбегі, *андалузит* — Испаниядағы тарихи Андализия провинциясы, *везувиан* Везувийге байланысты, *кубантик* Куба аралымен аталады.

Кенес өкіметі кезінде алынған минералдар былай аталған: азовтық, *Талан аралынан табылған, алтаит, астраханит, байклит, беломорит, виллюит және чарит.*

Метеориттердің атаулары өздерінің құлаған жеріне байланысты аталады.

Жергілікті желдердің атаулары соғатын жерлеріне байланысты аталады: *ангара* (өзен атауымен байланысты), Байкалдың оңтүстігінен соғатын суық жел, ол шығыс тау көліне жауын-шашын алып келеді. Басқада байкал желдері: *баргузин, дюизи. Баргузинге* — мекеніне байланысты, солтүстік шығыс бағытқа бағытталады; *сарма* — Сарма өзенімен аталатын Кіші теңіз бұғазы арқылы Ольхон аралына қарсы соғатын қатты жел. *Абаза* — Қара теңізге Абхазия жақтан соғатын қатал шығыс желі.